

26 тамыз,
жұма,
2022 жыл.

uil-gazet@mail.ru

Ойыл

Газет 1930
жылдың
қараша айынан
бастап шығады.

350 ОҚУШЫ САБАҚ ҚҰРАЛДАРЫМЕН ҚАМТЫЛДЫ ТАЛҒАТТЫҢ ТАРТУЫНА ТАҒЫ ДА КУӘ БОЛДЫҚ!

2022 ЖЫЛ ЕЛІМІЗДЕ БАЛАЛАР ЖЫЛЫ ДЕП ЖАРИЯЛАНДЫ. БҮГІНГІ БАЛА - ЕРТЕҢГІ БОЛАШАҚ, ТӘУЕЛСІЗДІК ДЕГЕН АЛЫП БӘЙТЕРЕГЕМІЗДІҢ АЛТЫН ДІНГЕГІ ДЕ ОСЫ БАЛАЛАРЫМЫЗ. ДЕМЕК, МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ КЕМЕЛУЛЫ-НЫҢ БИЫЛҒЫ ЖЫЛДЫ «БАЛАЛАР ЖЫЛЫ» ДЕП ЖАРИЯЛАУЫНЫҢ ДА ТҮП-ТӨРКІНІ ОСЫНДА ЖАТЫР.



Қазақта «Берсең, балаға бер!» деген даналық бар. Әрбір бала бақытты өмір сүруге лайықты. Сондықтан балаларға қамқорлықпен болашағы үшін бар жағдайды жасау әрбір ата-ананың міндеті. Жасалған жағдай, баланы ерлік пен еңсарлыққа бой алдыру үшін емес, білім мен ғылымға ұмтылысын мұқият бақылап, ұлтқа қызмет етуге тәрбиелеуге бағытталуы тиіс. «Келешектің тұтқасы

- білімді ұрпақта» екенін ескеруіміз керек.

Осы орайда «АМАНАТ» партиясының мүшесі, Ақтөбе облыстық мәслихатының депутаты Талғат Маратұлының елге деген жанашырлығы және қолдауымен «Мектепке жол!», «Баланы мектепке даярлайық!» акциялары аясында биыл мектеп табалдырығын аттағалы отырған 350 оқушыға 3 миллион 500 мың теңге

қаржыға сабақ құралдарын тарту етті. Бұған дейін де туған жерге қаржылай көмек қолын созып жүрген жерлесіміз, атымтай азамат Талғат Салфиқовтың ісі көпке үлгі. Еліміз еміренген азамат жерлерінің алғысын алып жүр. Біз Талғат Маратұлының елге деген тартуын баспасөз беттеріне жариялап, сан-мөрте қалам тербеп келеміз. Атақ үшін емес, ауылдастарының ақ батасын

алып жүрген азаматтың әрдайым игі іске ұйытқы болуын біз елге, туған жерге деген шексіз құрмет деп білеміз. Демек, «Елім деп езіліп, жұртым деп жұмылып» елге әлшесіз еңбегімен қызмет қылып жүрген азаматтардың алдыңғы легінде Талғат Маратұлы тұр десек артық айтқандық болмас!

Муса ӘДІЛБАЙҰЛЫ,
Ойыл селосы.

АУДАН ӘКІМІ АСҚАР ҚАЙЫРҒАЛИҰЛЫ ҚАЗЫБАЕВТЫҢ АУДАН ХАЛҚЫН 30 ТАМЫЗ - КОНСТИТУЦИЯ КҮНІМЕН ҚҰТТЫҚТАУЫ



ҚҰРМЕТТІ АУДАН ТҰРҒЫНДАРЫ!

Сіздерді тәуелсіз ел тарихындағы ең басты мерекенің бірі – Қазақстан Республикасының Конституциясы күнімен шын жүректен құттықтаймын! Бұл күн — халқымыз үшін аса қастерлі, ең ұлық мереке. Биыл ғана 5 маусымда бүкілхалықтық дауыс беру арқылы қабылданған Ата заңымыз өркениетті мемлекеттің барлығына тән демократиялық қағидалармен толық қамтылды. Конституция бірлігіміздің тұрақтылығын, мемлекеттің құрылыс пен еліміздің тұтастығын бекітіп берді.

Конституцияда атап көрсетілген мемлекеттік басқару жүйесі негізгі реформаларды жедел қарқынмен жүзеге асыруға мүмкіндік берді. Әрбір азаматтың өзін тең сезінуіне және құқықтарын сақтауына берік негіз болды. Ата заңымызға деген ерекше құрмет біздің сеніміміз бен күшіміздің қайнар көзі. Барша қазақстандықтар еліміздің бүгінгі жетістігін демократиялық қоғамға қойылар басты талаптарға сай келетін Конституциямыз бен дұрыс бағдар таңдаған мемлекет басшысының еңбегі деп бағалайды. Ата Заңымыздың тұғырлы қағидалары бүгінде тиімділігін дәлелдеп, сол күннен бастап тағдыр тоғыстырған көпұлтты халқымыздың татулығы мен тұрақтылығына тұғыр болып келеді. Еліміздің Ата Заңы жаңа Қазақстан жетістіктерінің кепіліне айналды. Тиімді құқықтық жүйені орнықтыру арқылы біз экономикалық өсімге және қоғамның әл-ауқатының артуына қол жеткіздік.

Әкімшілік және құқықтық реформалар, жергілікті өзін өзі басқаруды дамыту, әлеуметтік жаңғырту - мұның бәрі берік Конституциялық негізде жүзеге асырылуда және халықтың өмір сүру деңгейін одан өрі ұлғайтуға бағытталған.

ҚЫМБАТТЫ ЖЕРЛЕСТЕР!

Бүкіл жарқын істеріміздің қайнар бастауына айналған Ата Заңымыз Тәуелсіздігіміз бен тұтастығымыздың, тыныштығымыз бен бейбіт өміріміздің тұғырына айналды.

Әрбір қазақстандық Конституцияның мемлекет пен қоғам үшін ғана емес, өзінің жекебасы мен отбасы үшін де маңыздылығын терең сезінеді.

Біздің басты құндылықтарымыз – Тәуелсіздігіміз, келісім мен бірлігіміз нығая берсін.

Әр шаңыраққа құт-береке, ырыс пен ынтымақ тілеймін.

Ел іргесі аман, келешегіміз кемел болсын!

Ойыл ауданының әкімі Асқар Қайырғалиұлы Қазыбаев

СПОРТ - БІЗДІҢ СЕРІГІМІЗ!



Тамыз айының үшінші жексенбісі спорт күні кәсіби мерекесіне орай аудан орталығында «Спорт - біздің серігіміз!» атты ауқымды деңгейде мерекелік шара өтті. Айтулы шара аудан спортшыларының жаяу жүгіру марафонымен басталды. Отбасылық саябақтан «Тәуелсіздіктің 20 жылдығы» атындағы орталық саябаққа дейін жүгірген спортшыларымыз «Шынықсаң, шымыр боласың!» деген даналықты дәріптегендей күй

кештірді. Иә, расында спорт жанымызды жадыратып қана қоймай, тәнімізді күш пен серпінге толтырып, өмірге деген құлшынысыңды арттыратыны шүбәсіз.

Сондықтан болар аудан спортының дамуына сүбелі үлес қосқан спорт ардагерлері де айтулы шараның төрінен орын алды. Орталық саябақтағы мәдени-көпшілік шараның шымылдығы Үлгілі «Әсем би» ансамблінің биімен түріліп, одан кейін

аудандағы спорт саласының даму көрсеткіштерінен жинақталған бейнебаянмен жалғасты. Әрі қарай аудан әкімі Асқар Қазыбаев барша спортшыларды кәсіби мерекелерімен құттықтап, ауданның намысын қорғап, облыстық, республикалық дода-ларда топ жарып жүрген спорт саңлақтары мен жаттықтырушыларына, спорт ардагерлеріне, бұқаралық спорттың дамуына сүбелі үлес қосқан азаматтарға алғыс хаттарын табыстады. Спорттың әр түрінен жеткен жетістіктері үшін барша спортшыларға осы жолда төккен маңдай тер, еңбектеріне ризашылығын білдірді. Одан бөлек, аудандағы бірқатар бөлім басшылары жастар арасында спорт саласын дөріптеп, оның дамуына өзіндік үлесін қосып жүрген жандарға алғыс хаттары мен естелік сыйлықтарын табыс етті. Мерекелік шарада спорт ардагері, Ақшатау орта мектебінің мұғалімі Мінсізбай Жайлыбаев талай-талай таланттар мен спорт шыңдарын бағындырар балалар ауылда екенін, оларды тек оларға материалдық жағдай жасап тәрбиелей білуіміз керектігін айта келе, Ақшатауға спорт аула клубын жасақтауға ұсыныс білдірді. Марапат соңы аудан өнерпаздарының мерекелік концерттік бағдарламасымен ұштасты.

Муса ӘДІЛБАЙҰЛЫ,
Ойыл селосы.

ШЕКАРАШЫЛАРДЫҢ МЕРЕЙЛІ БЕЛЕСІ

БИЫЛ ШЕКАРА ҚЫЗМЕТІНІҢ ҚҰРЫЛҒАНЫНА — 30 ЖЫЛ. 1992 ЖЫЛЫ 18 ТАМЫЗДА ЕЛБАСЫНЫҢ ЖАРЛЫҒЫМЕН ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҰҚК ШЕКАРА ҚЫЗМЕТІ ҚҰРЫЛҒАН ЕДІ.



Айтулы датаны еліміздің шекарашылары кең көлемде атап өтті. Кәсіби мерекесі қарсаңында әкте-белік 50 шекарашы марапатталып, ел тыныштығы жолында жасап жатқан жұмыстары үшін алғысқа бөленді.

Ақырғы демі таусылғанша антына адал болып, қызмет барысында қаза тапқан шекарашыларды құрметпен еске алды.

Шалқар ауданының тумасы Ерлан Ниязов — сондай қызметкерлердің

бірі. 2007 жылы контрабандашылармен шайқаста ерлікпен қаза тапқан шекарашыға қайтыс болғаннан кейін, «Мемлекеттік шекараны үздік күзеткені үшін» медалі беріліп, «Сарыағаш» шекара заставасының тізіміне енгізілген болатын.

Ал Нұр-Сұлтан қаласында Шекара қызметінің 30 жылдығына орай ескерткіш бой көтерді. Отан сақшыларының құрметіне арналған ескерткіш астанадағы Мұстафин-Момышұлы көшелерінің қиылысында орналасқан. Мүсіннің жалпы салмағы — 15 тонна, ал ұзындығы — 440 см.

Ескерткіштің этнодизайнері Қарабал Ерболат мүсіннің жасалу тарихы мен идеясы жайлы:

— Мүсінді бір жарым айдың ішінде жасап шығардық. Жұмыс барысына генералдардың өздері қатысты. Бұл ескерткіш — ортақ идеядан туындаған дүние, шекарашыларға құрметтің бір белесі. Мүсінді стеклопластиктен жасадық. Сынбайды, майыспайды, — деді.

Ақерке САТЫБАЛДЫ.

АШЫҚ АСПАН АСТЫНДАҒЫ КЕШ

Өткен апта орталық саябақта «Open the sky» атты ашық аспан аясында кеш өтті. Кеш барысында аудан өнерпаздары әннен шашу шашып, кеш көрігін қыздырды. Сонымен қатар түрлі ойындар ойнатылып, сыйлықтар таратылды. Кешке Ахмет Жұбанов атындағы Ақтөбе музыкалық колледжінің түлегі Нұржігіт Әбдіқалық арнайы келіп, аудан тұрағындарын әсем әнімен сусындатты.



БЖЗҚ ӨЗІНІҢ РЕСМИ САЙТЫ МЕН МОБИЛЬДІ ҚОСЫМШАСЫНДАҒЫ ЗЕЙНЕТАҚЫ КАЛЬКУЛЯТОРЫН ЖАҢАРТТЫ

Болжамды зейнетақы калькуляторы болашақ зейнетақыны жоспарлау құралы болып табылады және пайдаланушыға барлық зейнетақы төлемдерінің болжалды мөлшерін, соның ішінде:

- мемлекеттік бюджет (базалық зейнетақы және ортақ (еңбек) зейнетақы);
- БЖЗҚ-ға жұмыскерлердің табысынан төленетін 10% міндетті зейнетақы жарналары;
- 5% міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары. Оны жұмыс беруші БЖЗҚ-ға еңбек жағдайы қауіпті, зиянды жұмыспен айналысатын жұмыскерлердің пайдасына аударады;
- ерікті зейнетақы жарналарын қоса алғанда есептеуге мүмкіндік береді.

БЖЗҚ зейнетақы калькуляторы салымшылар үшін жаңа функциялармен толықтырылды.

Біріншіден, зейнетақы калькуляторы жинақтарды алу жоспарланған жағдайда зейнетақы төлемдерін есептеуге мүмкіндік береді. Пайдаланушы өздігінен келесі тетіктерді таңдай алады:

- зейнетақы жинақтарын алатын жылы және қалаған сомасы,
- алынған сомаданжеке табыс салығын (ЖТС) бір рет ұстап қалу (толық көлемде, БЖЗҚ-дан жинақтарды алу кезінде) немесе ай сайын(БЖЗҚ-дан зейнетақы төлемдерін алу кезінде тең үлестермен).

Екіншіден, калькуляторға заңнамада көзделген түзету коэффициентін ескере отырып, қауіпті және зиянды өндірістерде кемінде 60 ай жұмыс істеген қызметкерлер үшін БЖЗҚ-дан төленетін төлемдерді көтермелеу есебі қосылды.

Үшіншіден, калькулятор зейнетақы жинақтарының бір бөлігін инвестициялық портфельді басқарушыларға (ИПБ) аударған жағдайда зейнетақы төлемдерінің қозғалысын көруге мүмкіндік береді.

Естеріңізге сала кетсек, зейнетақыны есептеу үшін «Негізгі деректер» блогындағы қажетті ерістерді – туған күні, жынысы, еңбек өтілі, жинақ сомасы және т.б. деректерді толтыру қажет. Егер enpf.kz сайтындағы жеке кабинетте алдын ала тіркелген болсаңыз, калькулятордағы негізгі ерістер автоматты түрде толтырылады.

Нәтижелер «Сіздің зейнетақыңыздың болжамы» блогында көрсетіледі және зейнетке шығу жасы мен күнін,

жинақтар таусылғанға дейінгі жылдар санын (БЖЗҚ-дан төлемдер алған жағдайда), зейнетке шығу сәтіндегі жалақының болжамды мөлшерін және табысты болжамды зейнетақыға ауыстыру коэффициентін, сондай-ақ, кесте және таблица түрінде көрсетілген жылдар бойынша болжамды зейнетақының өзгеру үдерісін қамтиды.

Зиянды және қауіпті кәсіптердің қызметкерлері үшін түзету коэффициентін арттыру ескерілген. Егер зейнет жасына жетуге жинақталған зейнетақы қаражатының болжамды сомасы сақтандыру ұйымында өмір бойғы зейнетақы аннуитетін сатып алуға жеткілікті болса, калькулятор зейнетақымен қамсыздандырудың осындай түрі – аннуитеттік төлемдерді есептеуді ұсынады.

Табыстылық деңгейі бойынша болжамдардың өзгеруін ескере отырып, пайдаланушыға зейнетақы төлемдерінің ықтимал нұсқаларын көрсету үшін нәтижелер пессимистік, шынайы және оптимистік деп аталатын үш сценарийде беріледі. Бұл ретте, өрбір сценарий шеңберінде зейнетақы жинақтарының бір бөлігі инвестициялық портфельді басқаратын компаниялардың басқаруына аударылған жағдайда зейнетақы төлемдерінің серпілін көруге болады.

Осылайша, пайдаланушы өзінің болашақ зейнетақысының шамасын бағалап, өзіне ыңғайлы зейнетақыны таңдай алады: тұрғын үйге және (немесе) емделуге зейнетақы жинақтарын мерзімінен бұрын алуды есепке ала отырып және есепке алмай, зейнетақы жинақтарын ИПБ таңдау арқылы инвестициялаған жағдайда, сондай-ақ, зейнетақы аннуитеті шартын жасасқан жағдайда зейнетақының қандай болатынын біле алады.

Зейнетақыны есептеу нәтижелері көпіндеңдірілген төлем емес, болжам болып табылады. Әрбір салымшының болашақ зейнетақысының мөлшері оның зейнетақы жинақтарына байланысты екенін ескеру қажет. Жинақтардың көлеміне ең алдымен, зейнетақы жарналарының мөлшері, оларды төлеудің жүйелілігі мен толықтығы, сондай-ақ, инвестициялық табыстылық есер етеді. Болжамды зейнетақы калькуляторының барлық есептік нәтижелері нақты құндық мәнде ұсынылады (яғни, болжамның тиісті кезеңіндегі инфляцияның өсері ескеріледі).

«БЖЗҚ» АҚ баспасөз орталығы

НОВЫЕ ФУНКЦИИ ПЕНСИОННОГО КАЛЬКУЛЯТОРА ЕНПФ УЛУЧШИЛ ПЕНСИОННЫЙ КАЛЬКУЛЯТОРНА СВОЕМ ОФИЦИАЛЬНОМ САЙТЕ И В МОБИЛЬНОМ ПРИЛОЖЕНИИ, ДОБАВИВ НОВЫЕ ФУНКЦИИ.

Прогнозный пенсионный калькулятор является инструментом планирования будущей пенсии и позволяет пользователю самостоятельно рассчитать предположительный размер всех пенсионных выплат, включая пенсию за счет:

- государственного бюджета (базовая пенсия и солидарная (трудо­вая) пенсия);
- 10% обязательных пенсионных взносов, уплачиваемых из доходов работников в ЕНПФ;
- 5% обязательных профессиональных пенсионных взносов, перечисляемых работодателем в ЕНПФ в пользу работников, занятых на работах с вредными условиями труда;
- добровольных пенсионных взносов.

Пенсионный калькулятор ЕНПФ был дополнен новыми функциями для вкладчиков.

Во-первых, пенсионный калькулятор позволяет призвести расчет пенсионных выплат в случае планируемого изъятия накоплений. Пользователь может самостоятельно выбрать:

- год и желаемую сумму изъятия пенсионных накоплений,
- способ удержания индивидуального подоходного налога (ИПН) с суммы изъятия – единовременно (в полном объеме, в момент изъятия накоплений из ЕНПФ) или ежемесячно (равными долями, в будущем при получении пенсионных выплат из ЕНПФ).

Во-вторых, в калькуляторе добавлен расчет повышения выплат из ЕНПФ для работников, проработавших на опасных и вредных производствах не менее 60 месяцев, с учетом законодательно предусмотренного поправочного коэффициента.

В третьих, калькулятор позволяет увидеть динамику пенсионных выплат в случае перевода части пенсионных накоплений управляющим инвестиционным портфелем (УИП).

Напомним, что для расчета своей пенсии нужно заполнить необходимые поля в блоке «Входные данные», такие как дата рождения, пол, трудовой стаж, сумма накоплений и так далее. Если вы зарегистрированы в личном кабинете на сайте enpf.kz, то основные данные в калькуляторе заполняются автоматичес-

ки.

Результаты отражаются в блоке «Прогноз вашей пенсии» и включают возраст и дату выхода на пенсию, количество лет до исчерпания накоплений (в случае получения выплат из ЕНПФ), прогнозный размер заработной платы на момент выхода на пенсию и коэффициент замещения дохода прогнозной пенсией, а также динамику изменения прогнозной пенсии по годам в виде графика и таблицы. Для работников вредных и опасных профессий учен повышающий поправочный коэффициент. Если прогнозная сумма пенсионных накоплений к достижению пенсионного возраста будет достаточной для приобретения пожизненного пенсионного аннуитета в страховой организации, калькулятор предложит сделать расчет такого вида пенсионного обеспечения – аннуитетных выплат.

Для того, чтобы показать пользователю возможные варианты пенсионных выплат с учетом изменения предположений по уровню доходности, результаты выдаются в трех сценариях – пессимистичном, реалистичном и оптимистичном. В каждом сценарии можно увидеть динамику пенсионных выплат в случае перевода вкладчиком части своих пенсионных накоплений УИП.

Таким образом, пользователь может оценить величину своей будущей пенсии и выбрать наиболее предпочтительную: с учетом и без учета досрочного изъятия пенсионных накоплений на жилье и (или) лечение, в случаеинвестирования пенсионных накоплений через выбор УИП, а также в случае заключения договора пенсионного аннуитета.

Результаты расчетов пенсии являются прогнозными, а не гарантией выплат. Надо учитывать, что размер будущей пенсии каждого вкладчика зависит от его пенсионных накоплений, в том числе (или) лечение, в случаеинвестирования пенсионных накоплений через выбор УИП, а также в случае заключения договора пенсионного аннуитета. Результаты расчетов прогнозного пенсионного калькулятора представляются в реальном стоимостном выражении (т.е. уже с учетом влияния инфляции соответствующего периода прогноза).

Пресс-центр АО «ЕНПФ»

КОНСТИТУЦИЯ - ЕЛ ТІРЕГІ

Кез келген мемлекеттің, елдің теу-елсіздігін, демократиялық құндылықтарын айқындайтын негізгі құжат - Конституция. Онда мемлекеттің барлық құрылымдарының, жеке азаматтардың, ұлт пен ұлыстардың, өлеуметтік топтардың мақсаттары, міндеттері, құқықтары көрсетіледі.


Қазақстанның Ата заңы уақыттың сынынан сүрінбей өтті, өзінің заман талабына лайықтығын жан-жақты дәлелдеді.

Конституцияны құрметтеп қорғау, ал оның маңыздылығын жоғалтпай сақтау республикамыздың өрбірі азаматының міндеті мен парызы болуы тиіс. Құжаттың нормативтік өлеуеттері де халыққа талай қызмет етіп, демократиялық, құқықтық мемлекеттіліктің одан әрі беки түсуіндегі прогресс жолында мығым заңдық негіз болып қала бермек.

Конституциялық реформалардың

Ойыл аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы

«СОТ КАБИНЕТІ» СЕРВИСІНДЕГІ ӨЗГЕРІСТЕР ЖҰМЫСТЫ КӨП ЖЕҢІЛДЕТТІ



Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының жанындағы Соттардың қызметін қамтамасыз ету департаментімен (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты аппараты) «Сот кабинеті» сервисінде QR-кодтарының жаңа технологиясы енгізілді.

Халыққа ыңғайлы болу үшін және бірыңғай стандартқа көшу мақсатында «Сот кабинеті» сервисінде авторизациядан өту және ұсынылатын құжаттарға қол қою тегігі өзгертілді.

Енді авторизациядан өту және құжаттарға қол қою Egov mobile мобильді қосымшасының Face ID

негізінде мемлекет пен азаматтардың қарым-қатынасында түбегейлі өзгерістер орын алды, еліміздің аяғынан тік тұрып, мемлекетіміздің жүйеленуінде, азаматтардың өмірінде жаңа нарықтық экономикаға бет бұрған сана-сөзімің қалыптасуында маңызды рөл атқаруда. Бұл Конституция қоғамымызда өміршең құжат болып, соның арқасында қоғамдық тұрақтылық нығайды, өлеуметтік экономикалық тұрғыдан алға ұмтылуымыздың құқықтық алғышарты жасалды.

Дүниежүзіндегі қазіргі озық ойлы қағида-жарғыларымен теңдесетін Конституциямыздың қадір-қасиеті арқайсымыздың азат елімізді сүйіп, кең-байтақ еліміздің өсіп-өркендеуіне жеке үлес қосуымызбен асқақтайтын шынайы сезінуге қызмет етеді, ал біз елге қызмет етуге тиіспіз.

ЗЕЙНЕТАҚЫ ЖИНАҚТАРЫН МҰРАҒА ҚАЛДЫРУ КЕЗІНДЕ НЕНІ БІЛУ ҚАЖЕТ?



«Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 31, 32, 33-баптарына сәйкес міндетті, міндетті кәсіптік және ерікті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақы жинақтары бар адам қайтыс болған жағдайда, олар Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен мұраға қалдырылады.

Зейнетақы жинақтарын мұраға қалдыру өсиет бойынша немесе заң бойынша жүзеге асырылады. Өсиет болмаған не ол бүкіл мұраның тағдырын айқындай алмаған кезде, сондай-ақ азаматтық заңдарда белгіленген өзге де жағдайларда заң бойынша мұрагерлік орын алады.

Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 6-бөліміне (мұрагерлік құқық) сәйкес мұраны алу үшін мұрагер мұраны ашу орыны бойынша нотариусқа немесе заңға сәйкес мұраға құқық туралы куәлік беруге уәкілетті лауазымды адамға мұраны қабылдау туралы өтініш не мұраға құқық туралы куәлік беру туралы өтініш тастау арқылы оны қабылдауы тиіс. Мұра ашылған күннен бастап алты ай ішінде, яғни мұра қалдырушы қайтыс болған күннен бастап алты ай ішінде мұра қабылдау мүмкін.

Аталған мәселелер бойынша БЖЗҚ мен нотариустар арасындағы өзара іс-қимылды оңтайландыру, сондай – ақ ресімді жеңілдету үшін ҚР Өділет министрлігі, Республикалық нотариаттық палата, «ҰАТ» АҚ және БЖЗҚ арасында «Е-нотариат «Бірыңғай нотариаттық ақпараттық жүйесі» мемлекеттік ақпараттық жүйесі мен БЖЗҚ ақпараттық жүйесінің өзара іс-қимылы туралы шарт (бұдан әрі-шарт)жасалды.

Нотариустар шарт шеңберінде жүзеге асырылған сервис арқылы қайтыс болған адамдардың жеке зейнетақы шоттарындағы (бұдан әрі – ЖЗШ) ақша қалдықтары мен қозғалысы туралы мәліметтерді алу үшін БЖЗҚ-ға онлайн режимінде сұраныстар жолдай алады.

Нотариустан қайтыс болған адам

Пресс-центр АО «ЕНПФ»

ЧТО НУЖНО ЗНАТЬ ПРИ НАСЛЕДОВАНИИ ПЕНСИОННЫХ НАКОПЛЕНИЙ?



В соответствии со статьями 31, 32, 33 Закона Республики Казахстан «О пенсионном обеспечении в Республике Казахстан» в случае смерти лица, имеющего пенсионные накопления за счет обязательных, обязательных профессиональных и добровольных пенсионных взносов, они наследуются в порядке, установленном законодательством Республики Казахстан.

Наследование пенсионных накоплений осуществляется по завещанию или по закону. Когда завещание отсутствует либо определяет судьбу не всего наследства, а также в иных случаях, установленных гражданским законодательством, имеет место наследование по закону.

Согласно разделу 6 (Наследственное право) Гражданского кодекса Республики Казахстан для приобретения наследства наследник должен его принять путем подачи по месту открытия наследства нотариусу или уполномоченному в соответствии с законом на выдачу свидетельства о праве на наследство должностному лицу заявления о принятии наследства либо заявления о выдаче свидетельства о праве на наследство. Наследство может быть принято в течение шести месяцев со дня смерти наследодателя.

Для упрощения процедуры, а также оптимизации взаимодействия между ЕНПФ и нотариусами по данным вопросам между Министерством юстиции РК, Республиканской нотариальной палатой, АО «НИТ» и ЕНПФ заключен Договор о взаимодействии государственной информационной системы «Единая нотариальная информационная система «Е-нотариат» и информационной системы ЕНПФ (далее – Договор).

В рамках Договора нотариусы посредством реализованного сервиса могут направлять в режиме онлайн запросы в ЕНПФ для получения сведений об остатках и о движениях денег на индивидуальных пенсио-

ных счетах (далее – ИПС) умерших лиц, без направления письменных запросов.

После получения у нотариуса свидетельства о праве на наследство в виде пенсионных накоплений, имеющихся на ИПС умершего лица, наследнику или его доверенному лицу необходимо обратиться с пакетом документов в ЕНПФ. Полный перечень документов представлен здесь: <https://www.enpf.kz/ru/services/recipient/heir.php>

Если перечень документов наследником предоставлен в полном объеме, ЕНПФ осуществляет выплату в течение 10 рабочих дней со дня приема либо поступления в ЕНПФ документов.

Важно отметить! Выплата наследуемых пенсионных накоплений осуществляется исключительно:

1. на основании поданных в ЕНПФ документов;
2. ЕНПФ, а не другими физическими или юридическими лицами;
3. на основании счета самого наследника, в том числе в случае, если получателем пенсионных выплат является несовершеннолетнее или недееспособное/ограниченно дееспособное совершеннолетнее лицо. Выплата пенсионных накоплений на банковский счет другого лица, даже законного представителя (опекуна/попечителя) или поверенного не допускается.

Наследник либо его доверенное лицо в том числе на основании свидетельства о праве на наследство вправе получить ЕНПФ информацию о состоянии пенсионных накоплений умершего лица в виде выписки с ИПС с QR-кодом, который содержит веб-ссылку на электронный вариант выписки с ИПС, удостоверенный электронной цифровой подписью уполномоченного лица ЕНПФ. При этом веб-ссылка для проверки подлинности представленной выписки с ИПС доступна в течение 1 (одного) месяца со дня выдачи выписки с ИПС.

Пресс-центр АО «ЕНПФ»

шарты құқығында тиісті үй-жайлардың бар екенін растайтын құқық белгілейтін құжаттың көшірмесі;

4) ветеринариялық-санитариялық қорытынды бланкісіне ақы төлегенін растайтын құжат;

3. «Жануарлар өсіруді, жануарлардың, жануарлардан алынатын өнім мен шикізатты дайындауды (союды), сақтауды, қайта өңдеуді және өткізуді жүзеге асыратын өндіріс объектілеріне, сондай-ақ ветеринариялық препараттарды, жемшөп пен жемшөп қоспаларын өндіру, сақтау және өткізу жөніндегі ұйымдарға есептік нөмірлер беру»

Мемлекеттік қызмет «электрондық үкіметтің» www.egov.kz, www.elicense.kz веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы көрсетіледі.

Өндіріс объектісіне есепке алу нөмірін беру үшін Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің 2015 жылғы 21 мамырдағы № 7-1453 бұйрығымен (Қазақстан Республикасының Нормативтік құқықтық актілері мен мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11898 болып тіркелген) бекітілген Ветеринариялық құжаттарды беру қағидаларына және олардың бланкілеріне қойылатын талаптарға сәйкес өтініш берілген күнге дейін күнтізбелік 30 (отыз) күннен асырмай берілген өндіріс объектісінің ветеринариялық (ветеринариялық-санитариялық) талаптарға сәйкестігі туралы ветеринариялық-санитариялық қорытынды болуы қажет. Мемлекеттік қызметті көрсету және нәтижесін беру мерзімі өтініш тіркелген сәттен бастап 2 (екі) жұмыс күнін құрайды. Көрсетілетін қызметті беруші кеңсесінің жұмыскері өтінішті келіп түскен күні тіркейді және оны жауапты қызметкерді тағайындайтын көрсетілетін қызметті берушінің басшысына жібереді.

Көрсетілетін қызметті алушы құжаттардың толық топтамасын және (немесе) мәліметтерді ұсынған жағдайда, көрсетілетін қызметті берушінің жауапты қызметкері өтінім тіркелген сәттен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде өндіріс объектісіне есепке алу нөмірін береді және өндіріс объектісіне есепке алу нөмірін беріледі. Есепке алу нөмірі мал сою алаңдарына қоспағанда, өндіріс объектісі қызметінің барлық кезеңіне беріледі. Мал сою алаңдарына есепке алу нөмірлері 1 (бір) жыл мерзімге беріледі және сол өңірде ет өңдеу кәсіпорындары немесе мал сою пункттері салынғанға дейін жыл сайын расталуы тиіс. Бар есепке алу нөмірін растау үшін сою алаңдары берілген есепке алу нөмірлерін сақтай отырып, осы Қағидаларға сәйкес есепке алу нөмірлерін беруді қайта ресімдейді.

ҚР АШМ ВБЖҚ Ойыл аудандық аумақтық инспекциясы

МҰҒАЛІМНІҢ МӘРТЕБЕСІ АРТСЫН ДЕСЕК...

Мектеп - алтын ұя, қасиетті шаңырақ. Ғалым да, бизнесмен мен директор да осы ұядан түлеп, ұшады. «Мұғалім мектептің жүрегі» десек, анық беделі де жоғары болғаны жөн. Қазіргі білім беру саласындағы кемшіліктер жаныңды ауыртады. Мұғалімнің негізгі міндеттерінің бірі халықпен араласып жұмыс жасау, білім сапасын арттыру десек, түрлі-түрлі шешім, заң, бұйрықтар қаптап кеткен. Білім саласындағы былықтар елдің қарыштауына көдергі келтірмеуі керек. Ұстаз мәртебесін көтеру жайы жиі көтеріліп жүр. Алайда, білім беру саласындағы кейбір жайттарды көргенде көңілің құлазиды.

Мәселен, кейінгі кездері кейбір мұғалімдердің өз беделіне нұқсан келтіріп, біліктілігін көтерер кезде қараулыққа баратынын көріп жүрміз. Педагогтердің ереже бұзып, сынақ кезінде смартфон, шпаргалка, микроқұлаққап, микрофон секілді құралдарды қолдануға тырысуы ұят емес пе?!

Мұғалім мектепке оқушыларды біреудің шығарған есебін, жазған шығармаласын, қандай да бір тапсырманың дұрыс жауабын көшірмеуге, сыныптастарының ой еңбегіне құрметпен қарауға тәрбиелейді. Ал өздері сертификатты сатып алса, сөйтіп оңай жолмен еңбек ақысын көбейтуге тырысуы дұрыс па? Қазір екінің бірі зерттеуші, сарапшы, тағы басқа атақтар алған. Ал нені зерттеп, не сараптап жатқаны белгісіз. Бір таңғаларлық жайт сертификатқа үш-төрт балл жетпей қалса, аз уақыт ішінде соның орны толғанын байқаймыз. Мұндай ұстаздан білім алған оқушы қандай болады?! Сондықтан мұғалім мәртебесін көтеру олардың еңбекақысын көтеру ғана емес, мұғалімдердің сапасын арттыру екенін ұмытпасақ екен.

Қазір кейбір педагогтер «Мұғалім мәртебесі туралы заңды» желеу етіп, жұртшылықпен болатын жиындарға келмейді, өздерін оқшау ұстайды. Газет-журналдарға жазылмайды, жалпы халықтық тазалық сенбіліктерге шықпайды, қоғамдық жұмыстардан қашады, мәдени көпшілік шараларға қатыспайды. Тіпті өздерінің төл көсібі газет-журналдарына жазылуды міндет санамайды. Сондықтан көп мәселелерден хабарсыз. Көзі ашық, көкірегі ояу ұстаз табу мұң бо-

лып барады. Аудан мен облыс көлемінде қандай мәселелер болып жатқанын білмейді. Бірде облыстан «Екі езу» театры келді. Мектепке он билет берілген екен, тоғызы қайтарылыпты. Рухани жұтандық деген осы емес пе? Рас, оларды мәжбүрлеп апарсын демеймін. Бірақ оқушыға біліммен қатар тәрбиені беретін мұғалімдердің рухани жан-дүниесі бай, шөкіртке берері мол болғаны да дұрыс емес пе?! Мәртебенің жөні осы екен деп, біз асыра сілтеп жіберген жоқпыз ба, осы?

Мұғалімдердің ҰБТ-ға жауап бермейтіні де таң қалдырады. Білім министрлігі мұғалімдерді осы жұмыстан босатыпты-мыс. Балаларды дайындамайды, ҰБТ көрсеткіші ескерілмейді. Тіпті, «Алтын белгі» алған оқушы ҰБТ-ден шекті балды алмаса, кімді кінәлау керек? Кінәлі бала ма, мұғалім бе? Сонда жыл бойына берген білімі үшін ұстаз жауапты болмаса, қадағаламаса, нәтижеге жетуге тырыспаса, шөкірттерін қамшылама-са, сонда ол білімнің қадірі қала ма?!

Атам қазақ «Ит жоқта - шошқа үреді» - дейді. Сол айтқандай, қазір кім көрінген мектеп директоры. Отбасынан ажырасқан, мінезі шөлкес, қарны қабақтап, қалай болса, солай сөйлейтін, сырт кейпінің өзі адам шошырлық директорлар бар. Білім берумен айналысатын адамның мәдениеті де жоғары болғаны жақсы емес пе?! Бұрын партия басшылыққа алатын адамның сырт келбетін де ескеретін. Сондықтан білім саласындағы барлық кадрлардың бойынан ерекше мәдениет, эстетика, білім көкжиегінің кең екені байқалатын. Сондықтан оларға ерекше құрметпен қарап, сыйлайтын.

Сосын, қазір мектеп жанындағы қамқоршылық кеңес құрамына зейнеттегі мұғалімдер кіре алмайды екен. Сонда мектеп қамқоршылық кеңесіне осы жайттарды білетін, мектеп өмірінен хабардар жандарды араластырмау кімге тиімді? Жалпы «Мұғалім мәртебесі» туралы заңды қайта қарап, көткен олқылықтарды түзетіп, қоғам үшін пайдалы, мұғалім мерейін өсіретін заң қабылдамасақ, сала кері кетіп барады.

Саламат ҚОМЫТҰЛЫ, Ойыл ауданы, Қаратал ауылы.

ТОҒАЗЫТЫП ТАМЫЗДЫҢ ҚОҢЫР КЕШІ

Тоғазытып тамыздың
Қоңкиекке құлайды
Күз келгенде құлазып
Қайтсем екен,
Иә, өтеді осылай
Сағынышпен аңсатып
Бәрі жақсы десем де ал дәл бүгін
Нені ойладым, білмеймін,
Жанарынан мөлт еткен
Кейде мені аңсайсың
Мекен етіп сезімнің күрен бағын,
Біз кетер ме ек осылай екі жаққа,
Біпсек егер тағдырдың
Таусылмастай көрініп шекер күнің,
Бақыт күтіп сарылдық бекер, гүлім,
Қайтіп, қалай мен
Бұл жаздың да баянсыз екендігі...



КҮЗ ҒҰМЫР

Кеше емес пе бұл
Енді, міне, үзілді асқарлы өні...
Жанарыңнан жылт еткен
Адамның да ұшады бастан бағы.
Өмір, шіркін, жасайды өз дегенін,
Көзсіз арман болса да көздегенің.
Қайта оралмас қызықты
Өте шығар осылай жаз дегенің.
Танғы шығы тамыздың
Тұнық нұрда нәліктен шер
Сыңсу айтқан қыздай боп
Қазбауыр бұлт көшеді жөңкіліп бір.
Жаздан кейін күз келер
Жүрекке - мұң, ал жерге
Пешенелі пенденің бір күзі бар,
Тағдыр сыйын берсе
Қол бұлғайды қызғалдақ
Жаз да сөлем айтады
Бір күрсініп күзді де қарсы аламыз.
Тізілгенде тыраулап тырна көктен.
Көп үмітті үзілген сез көзінен.
Ғұмыр аз ба серпілер кезде үзілген,
Қолыма алып
«Жалған, жалған» дей
Берем өз-өзіммен...
Азамат ӨБІЛҚАЙЫР.

«АЙБОЗ» ӘДЕБИ СЫЙЛЫҒЫНЫҢ ЖЕҢІМПАЗДАРЫ 5 МЛН. ТЕҢГЕДЕН АЛАДЫ

Қазақстанда жалпы жүлде қоры 35 млн. теңгені құрайтын тұңғыш «Ай-боз» ұлттық әдеби сыйлығына 7 номинация бойынша өтінім қабылдау жалғасуда. **Сыйлық қоры өр номинация бойынша 5 млн. теңге.** Байқаудың іріктеу барысы мен жобаның егжей-тегжейі туралы Орталық коммуникациялар қызметі алаңында өткен баспасөз конференциясы шеңберінде белгілі болды.

«Айбоз» әдеби сыйлығы қазақстандық әдебиеттің дамуына, шығармалардың жанрлық тұрғыда кеңейіне жаңа серпін береді. Бұл ретте оқырмандар жаңа шығармаларға қол жеткізе алады. Сыйлықтың ерекшеліктерінің бірі номинациялар бойынша жеңімпаздардың шығармаларын республикалық бюджет есебінен шығару және спорт» - деді Мәдениет және тарл министрлігінің мұрағат істері және құжаттаманы басқару комитетінің төрағасы Қуат Бораш.

Айта кету керек, сыйлықтың бас-талуы 15 маусымда жарияланды, ал

өтінімдерді қабылдау 1 қазанға дейін жалғасады. **Ұлттық әдеби сыйлықта «Үздік поэзия», «Үздік проза», «Үздік драматургия», «Үздік балалар әдебиеті», «Үздік аударма», «Үздік комикс» және «Үздік кітап» номинациялары қарастырылған және байқауға отандық жазушылар қатыса алады.**

Сондай-ақ, баспасөз конференциясы барысында әдебиетті қолдау саласындағы басқа да жобалар туралы белгілі болды.

«Был жаңа «Жаңа қаза кәдебиеті» жобасы іске қосылды, оның аясында жас авторлардың кітаптары 3 мың дана таралымымен басып шығарылады. Сонымен қатар елімізде жас қаламгерлер лезін қалыптастырып, оларға тиісті қолдау білдіру, сондай-ақ, олардың өлеңдік деңгейдегі тақырыптарға қалам тербеуіне мүмкіндік туғызу мақсатында 2023 жылдан бастап қазақстандық жас жазушылар мен ақындар үшін Президенттің арнайы әдеби сыйлығы тағайындалады.

Сыйлық 18-28 жас аралығындағы жас қаламгерлерге «Проза», «Поэзия», «Драматургия», «Балалар әдебиеті» номинациялары бойынша бұрын жарияланбаған шығармалары үшін табысталады. Сыйлық қоры өр номинация бойынша 4 млн теңге», - деді Қуат Бораш.

Сонымен қатар, авторлар мен баспа-ларды қолдау мақсатында кітап жәрмеңкелері өткізіледі. Мысалы, 28-30 мамыр аралығында «Алматы кітап жәрмеңкесі» өткізілді. Жәрмеңкеге өкілденген 14 мыңнан астам кітаптың 70 пайызы сатылған. Сондай-ақ, министрлік осы жылдың 23-25 қарашасында «Ұлы Жібек жолымен» атты Х Халықаралық кітап және полиграфия жәрмеңкесін өткізуді жоспарлап отыр.

Баспасөз конференциясына ҚР Ұлттық мемлекеттік Кітап палатасының директоры Әділ Қойтанов, ҚР Жазушылар одағының мүшесі, ақын, аудармашы Любовь Шашкова, жас жазушы Садық Шерімбек қатысты. ҚР МСМ баспасөз қызметі

«АЗАМАТТАРҒА АРНАЛҒАН ҮКІМЕТ» МЕМЛЕКЕТТІК КОРПОРАЦИЯСЫ ЖҮРГІЗУШІ КУӘЛІГІН БЕРУ КЕЗІНДЕ 200-ДЕН АСТАМ ЗАҢ БҰЗУШЫЛЫҚТЫ АНЫҚТАДЫ

2022 жылдың I жарты жылдығында Мемлекеттік корпорацияның ішкі қауіпсіздік департаменті 200-ден астам құқық бұзушылық дерегін анықтады. Бұл көп жағдайда емтихан кезінде техника құралдарын пайдалану ережелерімен сипатталады. Атап айтқанда, жасырын камера мен мини-құлаққаптар көп қолданылады. Емтиханды тапсырудың тағы бір тәсілі – арнайы адамды пайдалану. Ол қалай? Жол ережесін білетін адам жүргізуші күәлігін заңсыз алғысы келетін бірнеше адамның басын қосып, арнайы топ құрады. Ол өз тобына кірген адамдарға ым-шарат пен іс-ерекеттің тілін үйретеді. Емтихан күні ол өз тобындағы адамдармен бірге кабинетке кіріп, онда жанындағы мониторинг қарап, жетелу, есінуе, тіпті, жылтырдау арқылы дұрыс жауаптың қайсы екенін білдіріп отырады. Осындай бір емтиханда 5 адамға дейін көмектесіп отырған. «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы 2021 жылдың екінші бөлігінде жүргізуші куәлігін алу үшін жаңа талаптар енгізгенін, нақтысын

айтқанда, теориялық емтихан тапсыру кезінде биометриялық жүйе қолданылатынын, автодромдарда металл іздегіштер мен жаңа GPS-жүйе орнатылғанын хабарлайды. Егер 2021 жылдың жеті айында қазақстандықтарға 84 949 жүргізуші куәлігі беріле (алғаш рет), жаңа талаптар енгізілгеннен кейін 2022 жылдың дәл осы кезеңінде 46 585 жүргізуші куәлігі табысталды. Көрсеткіш 45,16 пайызға төмендеп отыр. Бұл себепті кейбір клиенттер жеке мүдделеріне жара-та бастады. Мемлекеттік корпорацияның ішкі қауіпсіздік департаменті Мамандандырылған ХҚО қызметіне байланысты жаңа сыбайлас жемқорлық тәсілдерін анықтау және оның жолын кесу бойынша тұрақты негізде жұмыс жүргізеді. Мемлекеттік корпорацияның регламентіне сәйкес, өрбір анықталған бұзушылық немесе техника құралдарын пайдалану жағдайынан кейін Мамандандырылған ХҚО қызметкерлері полиция шақырады. Одан кейін арнайы акт толтырылады және емтихан нәтижесі жойылады. Кейбір нормативтік олқылықта

рға байланысты техника құралдары мен арнайы адамдардың көмегіне жүгінген құқықбұзушылар кез келген уақытта емтиханды қайта тапсыра алады. Осы ретте Мемлекеттік корпорация тәртіп бұзушыларды және 3 ерекет ішінде жүргізуші куәлігін ала алмағандарды 6 айға шеттетуді бойынша ІІМ-ге ұсыныс жасады. Бұл арқылы емтихан тапсыру талаптарын қатаңдату шаралары көзделеді. Өзгерістер енгізілгенге дейін клиенттерге заңсыз көмек көрсетіп жүрген арнайы адамдарды жеке компьютерлерге көшіріп, қатаң тексеріс басталды. Олардың штаб-пәтерлерінің мекенжайы және толық ақпараты бар 16 материал ресми түрде құқық қорғау органдарына берілді. Мемлекеттік корпорация құқық қорғау органдарына қылмыстық жағдайларды шешуге көмектескн үшін алғыс білдіреді. Қазіргі уақытта іс жүргізу кезінде жүргізуші куәліктерін заңсыз беруге қатысы бар барлық Мамандандырылған ХҚО қызметкерлері жұмыстан шеттетілді.

«Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясының баспасөз қызметі

АДАМДАР ЖАППАЙ ЖИНАЛАТЫН ОБЪЕКТІЛЕРДЕГІ ӨРТ ҚАУІПСІЗДІГІ

Адамдар жаппай жиналатын объект – бір мезгілде жүз және одан да көп адамның келуіне мөлшерленген сауда, қоғамдық тамақтану, тұрмыстық қызмет көрсету кәсіпорындарының, дене шынықтыру-сауықтыру, спорттық, мәдени-ағарту және ойын-сауық ұйымдарының, гибадат ғимараттарының, көңіл көтеру орындарының, көліктің барлық түрлері вокзалдарының ғимараттары, құрылыстары және үй-жайлары, сондай-ақ бір мезгілде жиырма бес және одан да көп адамның келуіне мөлшерленген денсаулық сақтау, білім беру, мәдениет ұйымдарының, қонақ үйлердің ғимараттары мен құрылыстары жатады.

Көп жағдайларда мұндай объектілерде өрт шыққан кезде әрекет ету ережелері туралы адамдардың түсінігі болмайды. Қазіргі заманғы адамдар көп жиналатын барлық объектілердің өрт жүктемесі аса жоғары және өрт шыққан жағдайда от және жану өнімдері барлық бөлмелерге тез таралып, оларды өте жылдам толтыра отырып, өмірлік маңызды өттегін ығыстырады. Ұлы газдың кішкене ғана концентрациясымен дем алған жағдайда адам өліп кетуі мүмкін

екенін есте сақтау қажет. Өйткені, статистика бойынша, көптеген өрттерде адамдар жоғары температура өсерінен емес, түтімнен тұншығудан өледі.

Түтімнен тұншығу – жану өнімдерінің адамның тыныс алу жүйесіне ену процесі, бұл бөлмедегі өртте адам өлімінің негізгі себебі болып табылады. Ыстық түтін тыныс алу жүйесіне еніп, тыныс алу мүшелерінің күйіне әкеледі.

Адамдар жаппай жиналатын объектіде өрт шыққан жағдайда жасалатын іс-әрекеттер жиынтығы:

- 1.Кез келген адамдар көп жиналатын объектілерге кіргенде қосымша және авариялық шығу жолдарына көңіл бөліп, ойша оларға қарай жүріп өтіңіз;
- 2.Ғимараттан шығарда жақын жерде орналасқан эвакуациялық шығу бағытымен шығыңыз. Ештеме іздемей, жинақтамай оттан тезірек шығыңыз;
- 3.Адамдар көп жиналатын объектілерде зиянды жану өнімдері Сіздің бойыңыз бен оданда жоғары деңгейде жиналуы мүмкін, сондықтан эвакуациялық шығуларға еңбектен өткізіз, өйткені еденге жақын ауа

температурасы төмен өрі оттегі көбірек болады;

- 4.Егер түтінің өсерінен тамағыңыз жбырлап, көзіңіз жасасураса – тыныс алу жолдарын қандай да бір көп қабатты мақта матасымен мықтылап бүркеп өтіңіз, мата арқылы демалыңыз;
- 5.Кез-келген жағдайда сабырлық сақтап, басқаларды тыныштандырып, үрей тудыруға көп бермеңіз. Өрттің шығуы немесе жану (түтіндеу, температураның жоғарылауы, күйкі иесі) белгілері туралы «101» немесе «112» телефондары арқылы (ұялы телефон арқылы теңгерімнің болмауына қарамастан теріледі) өртке қарсы қызметке хабар беріңіз.

Сіздер мен біздің ең басты міндетіміз адам өмірі мен мүлкін өрттен және басқа да төтенше жағдайлардан қорғау болып табылады. Сондықтан да, аудан тұрғындары өздерінің, балаларының, тума-туысқандарының өміріне бей-жай қарамай жеке тұрғын үйлерінде, жұмыс орындарында және басқа да қоғамдық орындарда өрт қауіпсіздігі ережелерін сақтап жүруіңізді сұраймыз.

Ойыл ауданының төтенше жағдайлар бөлімі

Газет аптасына бір рет шығады. Таралымы 1380 дана. Тапсырыс № 1150 Келемі 1 бабақ, индекс 65525

«Хабар-Сервис» ЖШС-нің баспаханасында басылды. Ақтөбе қаласы, Ә. Смағұлов көшесі 9/2. Басылу сапасы жөнінде 400-400 телефонына хабарласуға болады.

Газет Қазақстан Республикасы Инвестициялар және Даму министрлігі Байланыс, Ақпараттандыру және Ақпарат комитетінде 2016 жылдың 21 қаңтарында тіркеліп, №15790-Г куәлігі берілген.

Меншік иесі: «Ойыл газеті» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі Директоры-Редактор Серікбай Қойбағаров Мекен-жайы: 030900, Ойыл селосы, Көкжар көшесі, №69, 3 қабат Байланыс телефоны: 8 (71332) 2-11-07.

Газетте жарияланған мақала авторының пікірімен редакцияның көзқарасы қабыспайды. Суреттің сапасына редакция жауапты.

